



ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕР!

География және табиғатты пайдалану факультеті заманауи талаптарға жауап беретін жоғары білікті мамандарды даярлаудағы басты орталық болып табылады. Факультетте жүргізіліп жатқан зерттеулер ұлттық қауіпсіздік пен еліміздің тұрақты дамуы шеңберіндегі басым бағыттарға сай келеді.

Үш деңгейлі білім беру жүйесі бойынша мамандарды даярлау бойынша жұмыс белсенді жүргізілуде, қос дипломды білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарлары әзірленген (ШЫҰО, бірлескен білім беру бағдарламалары, Erasmus + және т.б.).

Факультеттің ғылыми жұмысы Колумбия университеті (Нью-Йорк, АҚШ), Лиссабон политехникалық университеті (Португалия), Халықаралық табиғат, қоғам және адам университеті «Дубна» (Ресей) және т.б. сияқты шетелдік жетекші университеттердегі серіктестік негізінде алыс және жақын шетелдердің жетекші университеттерімен тығыз байланыста жүзеге асырылады.

Соңғы жылдары біздің университет Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшу бастамасын қолдауға бағытталған инновациялық шешімдердің басты бағыты «Рио + 20» Дүниежүзілік саммитінде ұсынылған «Жасыл көпір ұрпақтан — ұрпаққа» Еуразиялық платформасы болып табылады. Оның басты мақсаты — жастарды ХХІ ғасырдағы тұрақты дамудың ғаламдық энергетикалық-экологиялық стратегиясы, «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасын іске асыруға тарту.

Біздің түлектер жыл сайын еңбек нарығында сұранысқа ие болып, мемлекеттік және жергілікті басқарудың, ғылымның, білімнің, бизнестің түрлі салаларында, соның ішінде шетелдерде (АҚШ, Германия, Австралия, Австрия, Польша және басқа елдерде) жұмыс істейді.

Мен сіздермен кездесуді асыға күтемін және география және табиғатты пайдалану факультетіне түсу жолында сәттілік тілеймін!



ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНЫ
Г.Ф.Д., ПРОФЕССОР
САЛЬНИКОВ ВИТАЛИЙ
ГРИГОРЬЕВИЧ



БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ – ТҮЛЕКТЕРІМІЗ!

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің география және табиғатты пайдалану факультеті 1948 жылы ашылды. Ол кезде геология және география бөлімдерінен тұрғандықтан факультет геологиялық-географиялық деп аталды. 1960 жылы геология бөлімінің жабылуымен байланысты атауы географияға өзгертілді. Қазіргі таңда факультет барлық жоғары талаптарға және халықаралық стандарттарға сай білім беретін оқу ордасы.

Факультет өзінің даму тарихы барысында 6 мыңға жуық география, экология, туризм ғылымын жетік білетін мамандарын дайындады, олардың қатарында елімізге, алыс және жақын шетелде танымал географтар, метеоролог және гидрологтар, экология мамандары, картографтар және туризм менеджерлері.

Факультет түлектері:

– Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару Комитетінің басқармалары мен ведомстволық бағынысты ұйымдары, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ департаменттері мен филиалдары, жергілікті атқарушы органдардың жер қатынастары басқармалары; табиғатты қорғау және табиғат пайдалануды басқару ұйымдары;

– Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеттерінде; әскери-өндірістік кешендерді, ГАЖ технологияларын және Жерді қашықтықтан зондау әдістерін пайдаланатын ұйымдарда;

– Қазақстан Республикасының Гидрометеорология және қоршаған орта мониторингі жөніндегі;

– Қазақстан Республикасының облыстық туризм басқармалары мен бөлімдері, ұлттық паркттері, туристік мекемелері;

– Төтенше жағдайлар министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдары мен департаменттеріне;

– Өнеркәсіп, азаматтық және көлік құрылысы бағыты бойынша құрылыс ұйымдарында;

– Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауының облыстық басқармалары, тау-кен өндіру салаларының кәсіпорындары, ҒЗИ және цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі геодезия және картография комитетінің ведомстволық бағынысты ұйымдары;

– Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің ҒЗИ және ведомстволық бағынысты ұйымдары.




БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ – ТҮЛЕКТЕРІМІЗ!



Абдулин Айтмухамед

қазақ совет геологы, геология-минералогия ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы ҰҒА академигі.




Олжас Сүлейменов

орыс тілді қазақ ақыны, қоғам қайраткері, тілтанушы, саясаткер, ядролық қару-жарақтарды қолдануға қарсы «Невада-Семей» қозғалысының жетекшісі.



Скаков Амангельды

география ғылымдарының докторы, «Казэкология» Республикалық ғылыми-өндірістік және ақпараттық орталықтың бас директоры.



Медеу Ахметкал

география ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, «География институты» ЖШС директоры.



ФАКУЛЬТЕТ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БАКАЛАВРИАТ, МАГИСТРАТУРА, PhD ДОКТОРАНТУРА

География және табиғатты пайдалану факультеті жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес лицензиялық оқу қызметін және жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес практикалық білім беру бағдарламалары негізінде лицензиялық оқу қызметін ұсынады.

Мамандарды үш деңгейлі оқыту жүйесі бойынша даярлау орындалуда, бірлескен білім беру бағдарламалары мен екі дипломды білім берудің оқу жоспарлары (ШЫҒО, бірлескен білім беру бағдарламалары, Erasmus + және т.б.) әзірленіп, іске асырылуда.

Колумбия университетінің (АҚШ) MDP бағдарламасымен бірге «Тұрақты даму» бойынша MDP Магистратура бағдарламасы жүзеге асырылды. «Тұрақты даму» бойынша Магистратура — бұл магистранттарға арналған Колумбия университеті Жер Институтының MDP бағдарламасымен бірлесіп және БҰҰ қызметі, экологиялық мәселелер, қоршаған ортаны қорғау, климаттық өзгерістер, сондай-ақ энергетика сияқты орнықты дамудың жаһандық проблемаларын жақсы түсіну және қабылдау үшін қажетті әлемдік деңгейдегі университеттерді оқыту бағдарламасының негізінде құрылған екі жылдық бағдарлама. Бағдарлама Қазақ ұлттық университеті базасында жүзеге асырылуда. әл-Фараби Қазақстанда және халықаралық аренада ХХІ ғасырдың көшбасшысы болуға қабілетті жас мамандарды даярлау үшін құрылған.

Факультет құрамында 5 кафедра бар:

1. География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасы.
2. Картография және геоинформатика кафедрасы.
3. Метеорология және гидрология кафедрасы.
4. Рекреациялық география және туризм кафедрасы.
5. Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасы.

БАКАЛАВРИАТ

В052 Жер туралы ғылым

- 6В05205 — География
- 6В05203 — Гидрология
- 6В05204 — Метеорология

6В052 Қоршаған орта

- 6В05211 — Экология
- 6В05201 — Геоэкология

В073 Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс

- 6В07301 — Геодезия және картография
- 6В07302 — Геоинформатика
- 6В07303 — Жерге орналастыру
- 6В07304 — Кадастр

В111 Қызмет көрсету

- 6В11101 — Туризм
- 6В11103 — Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі



В112 Санитарлы-профилактикалық іс-шаралар

6В11201 – Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау

6В11202 – Экологиялық инжиниринг (жаңа білім беру бағдарламасы)

МАГИСТРАТУРА

В052 Жер туралы ғылым

7М05205 – География

7М05204 – Қоршаған ортаны гео-кеңістіктік басқару

7М05205 – Энергоресурстар дипломатиясы (УрФУ)

7М05206 – Гидрология

7М05207 – Метеорология

7М05214 – Геоақпараттық картография (жаңа білім беру бағдарламасы)

7М05215 – Геоморфология және жер қабығының геодинамикасы
(жаңа білім беру бағдарламасы)

7М05219 – Геоматика және кеңістіктік жобалау
(жаңа білім беру бағдарламасы)

М087 Қоршаған ортаны қорғау технологиясы

7М05211 – Экология

7М05213 – Экология және табиғатты пайдалану (БелГУ)

7М05209 – Геоэкология және табиғатты пайдалануды басқару

7М05208 – Геоэкологиялық жобалау (РУДН)

7М05210 – Табиғи және техногендік тәуекелдер

7М05216 – Экологиялық топырақтану (жаңа білім беру бағдарламасы)

М015 География педагогтерін дайындау

7М01505 – География (жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау)

М073 Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс

7М07301 – Геодезия

7М07303 – Картография

7М07302 – Геоинформатика

7М07306 – Геоинформатика (SSU, АҚШ)

7М07304 – Жерге орналастыру

7М07305 – Кадастр

7М07307 – Геодезиядағы Big Data (жаңа білім беру бағдарламасы)

М111 Қызмет көрсету

7М11101 – Туризм

7М11102 – Туризм (РУДН)

7М11103 – Туризм (БелГУ)

7М11104 – Қонақ үй және мейрамхана бизнесін басқару / «43.04.01.
Сервис» (БелГУ) (Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі)

7М11105 – Туризм

М112 Санитарлық-профилактикалық шаралар

7М11201 – Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау

7М11202 – Өнеркәсіптегі кешенді қауіпсіздік менеджменті мен аудиті

7М11203 – Техносфера қауіпсіздігі (ЮУрГУ)



PhD ДОКТОРАНТУРА

B052 Жер туралы ғылым

- 8D05202 – География
- 8D05203 – Гидрология
- 8D05204 – Метеорология
- 8D05208 – Геоақпараттық картография (жаңа білім беру бағдарламасы)
- 8D05209 – Геоморфология және жер қабығының геодинамикасы (жаңа білім беру бағдарламасы)
- 8D05210 – Геоматика және кеңістіктік жобалау (жаңа білім беру бағдарламасы)

D087 Қоршаған ортаны қорғау технологиясы

- 8D05207 – Экология
- 8D05205 – Геоэкология және қоршаған ортаны басқару
- 8D05206 – Табиғи және техногендік тәуекелдер

8D015 География педагогтерін дайындау

- 8D01503 – География
(жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау)

D073 Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс

- 8D07301 – Геодезия
- 8D07302 – Геоинформатика
- 8D07303 – Картография
- 8D07304 – Жерге орналастыру
- 8D07305 – Кадастр

D111 Қызмет көрсету

- 8D11101 – Туризм
- 8D11102 – Туризм және қонақжайлылық
(Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі)

БАКАЛАВРИАТ, МАГИСТРАТУРА, PhD ДОКТОРАНТУРАНЫ ҚАМТАМАСЫЗИ ЕТЕТІН КАФЕДРАЛАР ҚҰРАМЫ

География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасы.

Бітіруші географтың кәсіби қызметінің саласын және нысанын: жобалау, зерттеу, өндірістік, ғылыми-зерттеу институттарын; табиғатты қорғау және табиғатты пайдалануды басқару ұйымдарын; Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің жалпы білім беретін, орта кәсіптік және жоғары оқу орындарын, басқармалары мен ведомстволық бағынысты ұйымдарын, «Азаматтарға арналған үкімет «мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ департаменттері мен филиалдарын, жергілікті атқарушы органдардың жер қатынастары басқармаларын қамтиды.

Картография және геоинформатика кафедрасы.

Кафедра түлектерінің кәсіби қызмет саласына және нысандары-



на экономика салалары, әскери-өндірістік кешендер, азаматтық және өндірістік ғимараттар мен үймереттер, жер қорын басқару саласындағы мемлекеттік ұйымдар, жерді қашықтықтан зондаудың ГАЖ технологиялары мен әдістерін пайдаланатын ұйымдар және т.б., мұнай өндіруші корпорациялар, қатты пайдалы қазбаларды өндіру бағыындағы корпорациялар, жер және кадастрлық басқарулар, профильдік ҒЗИ, сервистік компаниялар, ТЖМ ведомстволық бағынысты ұйымдары кіреді.

Метеорология және гидрология кафедрасы.

Кафедра бітірушілерінің кәсіби қызметінің саласы және нысанда-ры: түлектердің кәсіби қызмет саласы ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бөлімшелері; атмосфера мен гидросфераны зерттеумен байланысты ғылыми орталықтар, академиялық және ғылыми-зерттеу институттары; Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен Төтенше жағдайлар министрлігінің департаменттері; Табиғатты қорғаудың салалық басқару органдары; әуежайлар; қоршаған ортаны мониторингтеумен, климаттың өзгеруімен және құрлық суларымен байланысты кәсіпорындар мен ұйымдар болып табылады.

Рекреациялық география және туризм кафедрасы.

«Туризм» мамандығы бойынша кафедра түлектерінің кәсіби қызмет саласына туризм және қонақжайлылық индустриясы, сонымен қатар, ғылым, білім, мемлекеттік реттеу мен туризммен және қонақжайлықпен тікелей немесе жанама байланысты адамдар іс-әрекетінің өзге де салалары болып табылады. Түлектер ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті, Қазақстандық Туристік қауымдастық және Қазақстандық қонақ үйлер мен мейрамханалар қауымдастығы, «Kazakh Tourism» ҰК АҚ, «Алматы қаласы Туризм және сыртқы байланыстар басқармасы» ММ, Қазақстанның мемлекеттік ұлттық табиғи парктері, UNWTO, UNDP, «Kazakh Tourism» ҰК « АҚ және басқа да ұйымдар кіреді.

Тұрақты даму жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасы.

Кафедра түлектерінің кәсіби қызмет саласы және нысанда-ры қалалардың экология департаменттерінде; облыстық, аудандық, қалалық ТЖ департаменттерінде; ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің басқармаларында және ведомстволық бағынысты ұйымдарында; ҚР Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінде; ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеттерінде жобалық, ғылыми-зерттеу, өндірістік-технологиялық, аутсорсингтік, ұйымдастыру-басқару қызметін көздейді; ТЖМ «Қазселденқорғау» ММ; табиғи ресурстарды өндіру және қайта өңдеу компанияларында; бейінді ҒЗИ; экология, техносфералық қауіпсіздік, тұрақты даму және «Жасыл экономика» саласындағы жобалау ұйымдары.



Үлкен өмірге қадам басқан жас үшін – таңдаған университетің, мамандығың маңызды. Мамандық таңдаумен қатар, толыққанды білім алып, кәсіби маман атану, тұлға болып қалыптасу үшін таңдаған факультетің мен ұстаздарыңның қосар үлесі орасан зор. ҚазҰУ-дың География және табиғатты пайдалану факультетін таңдап, осы факультетте білім алуым – өмірімдегі ең үлкен жетістік деп санаймын. Факультет ұстаздарының үздіксіз қолдауы мен бағыт-бағдары нәтижесінде кәсіби маман, жан-жақты дамуға ұмтылған тұлға болып қалыптастық.

Бурлибаева Шугыла, Геодезия мамандығының 3-курс докторанты



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің рекреациялық география және туризм кафедрасы мен үшін білім алудың және мансаптың алғашқы қадамдарының бастапқы нүктесі болды, өйткені мен бакалавриатты бітіргеннен кейін туристік мекемеде жұмыс тауып, содан кейін магистратураға түстім. Қазір «туризм» мамандығының магистранты ретінде, ЖОО-ның, оның ішінде кафедраның басты артықшылығы - үздік оқытушылары, яғни олардың сапалы білім беруі және «әрқашан және барлық жерде» көмек көрсетулері деп санаймын.

Erasmus+ бағдарламасы аясында академиялық ұтқырлық бойынша бір семестр Янош Кодолани университетінде (Венгрия) оқыдым, онда біздің университет қабырғасында алған біліміміз шетелдік жоғары оқу орындарынан кем түспейтініне көзім жетті. Сонымен қатар, Мәскеу қаласында «Ұлы Жібек жолы бренді аясында ТМД кеңістігінде мәдени жолды дамыту» жобасы шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмысына қатыстым, президенттік стипендия иегері болдым, «Пандемия жағдайында ішкі туризмді дамыту перспективалары» тақырыбында республикалық дөңгелек үстелде спикер болдым, қазір ҚР БҒМ «Экологиялық туризмді аумақтық ұйымдастыру арқылы Қазақстанның ұлттық парктерін тұрақты дамытуды қамтамасыз ету» бағыты бойынша ғылыми жобаның бірлескен орындаушысы болып табыламын, әрі оның шеңберінде магистрлік диссертациямды жазу үстіндемін.

Қалиева Аига, "Туризм" мамандығының 1 курс магистранты



СТУДЕНТТІК ӨМІР

Факультетте Студенттік кеңес, Студенттік маслихат және студенттердің «Сұңқар» кәсіподақ ұйымы сияқты студенттердің өзін-өзі басқару ұйымдары қызмет көрсетеді. Басқа қалалардан келген студенттер жатақханамен қамтамасыз етіледі.



Ең үздік студенттік топ байқауы



Экологиялық флеш-моб



Наурыз мейрамы



Туристік көпсайыс жарысы



Студенттік ғылыми жұмыстар байқауы



Лабораторлық дәріс



ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ



Лейпциг, Германия



Халықаралық ғылыми
конференция жеңімпаздары



Мәскеу, Ресей



Стамбул, Түркия



Ғылыми конференция
жеңімпазы



Афины, Грекия



СТУДЕНТТІК ҰЙЫМДАР

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жастары – бұл өзінің университетіне деген көздерінде құштарлықтары жалындаған жастар ғана емес, жеке-леген әлемде кез-келген биіктерді бағындыруға деген талпыныс оттары бар жастар!

Студенттік өмір жарқын естеліктермен, қызықты сәттермен есте қалуы керек. Тек университетте ғана осы қойылған мақсаттарға қол жеткізуге болады. Жастардың өз идеяларын жүзеге асыруға арналған кеңістіктері, жас мамандардың үзілмес желісі. Факультет шынайы достардың ортасы, ұмытылмас ашылулар, ғажайып сәттерге толы мекен. Әрбіріміз үшін жасалған үлкен жағдай. Барлық осы жылы атмосфера – ҚазҰУ жастарында!





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Факультеттегі халықаралық ынтымақтастық:

- өзара тиімді ынтымақтастықты ынталандыру;
- қызметкерлер сияқты, сонымен қатар бакалавриат, магистратура, докторантура студенттерімен алмасу;
- біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру;
- бірлескен білім беру бағдарламаларын, оның ішінде қос диплом беруді көздейтін білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ оқу жоспарларын әзірлеу және іске асыру;
- академиялық кездесулер мен симпозиумдарды ұйымдастыру;
- зерттеу қызметінің бірлескен түрлері.
- серіктес университеттің мерзімді басылымдарында ғылыми еңбектерді жариялау;
- ғылыми ақпаратпен алмасу;
- серіктес ЖОО-да PhD докторанттарын ғылыми басқаруға жетекші ғалымдарды тарту.

